



Қоғамдық тыңдаулар

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Акмауа Tungsten» ЖШС Қарағанды облысында орналасқан, 2024-2028 жылдары аралығында 2022 жылғы «13» шілдедегі №1775-ЕЛ қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензия бойынша М-43-111-(10г-5в-8, 9) 2 (екі) блок шегінде жер қойнауы учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды (вольфрам кендерін) барлау жоспары үшін ЖБШН, ҚББ, ӨӘББ және ҚОҚШЖ жобаларына ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы хабарлайды.

Ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар 22.12.2023 жылы сағат 12.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Шет ауылдық округі, Үнірек ауылы, 24а құрылыс, «Қарағанды облысы Шет ауданы Шет ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ мекен-жайы бойынша өтеді. Қатысушыларды тіркеу қоғамдық тыңдаулардың басталу уақытынан бір сағат бұрын жеке куәліктермен жүзеге асырылады (өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы керек).

Zoom конференциясына онлайн қосылуға сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/2356260706?pwd=WjRHQm5jMFdDdFJodVlCM1B4OFJlUT09>

Идентификаторы: 235 626 0706. Кіру коды: Au73Qq.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Акмауа Tungsten» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний по проектам НДВ, ПУО, ППЭК и ППМ к Плану разведки твердых полезных ископаемых (вольфрамовых руд) на участке недр в пределах 2 (двух) блоков: М-43-111-(10г-5в-8, 9), расположенных в Карагандинской области, на 2024-2028 гг., по лицензии на разведку твердых полезных ископаемых № 1775-ЕЛ от «13» июля 2022 года.

Общественные слушания в форме открытых собраний будут проходить 22.12.2023 года в 12.00 по адресу Карагандинская область, Шетский район, Шетский сельский округ, село Унрек, улица Унрек, здание 24а, ГУ «Аппарат акима Шетского сельского округа Шетского района Карагандинской области». Регистрация участников осуществляется по удостоверениям личности за один час до начала общественных слушаний (необходимо иметь при себе удостоверение личности).

Ссылка на онлайн подключение к конференции Zoom:

<https://us05web.zoom.us/j/2356260706?pwd=WjRHQm5jMFdDdFJodVlCM1B4OFJlUT09>

Материалдармен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://esportal.kz>, сондай-ақ, Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасынан эл. пошта арқылы сұрауға болады. expertiza.upr_krg@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: <https://esportal.kz> және Қарағанды қаласы, Лобода көшесі 20, тел. 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекен-жайы және телефон нөмірі (-лері): «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС - info@ecoexpert.kz, +7 (7212) 42-56-17.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы - «Акмауа Tungsten» ЖШС, БСН 190640005009, кәсіпорының заңды мекен-жайы: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 210 үй, 13-қабат, e-mail: t.akhmenov@rcg-ia.com, тел.: +7 727 330 98 74.

Әзірлеуші - «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, БСН 920540000504. Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Лобода көшесі, 40 құрылыс. тел. факс: +7 (7212) 42-56-17.

Qm5jMFdDdFJodVlCM1B4OFJlUT09

Идентификатор: 235 626 0706. Код доступа: Au73Qq.

С материалами можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://esportal.kz>; также запросить в Управлении природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области по эл. почте expertiza.upr_krg@mail.ru.

Замечания и предложения принимаются: по ссылке <https://esportal.kz> и по адресу г.Караганда, ул.Лобода 20, тел 8(7212)56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru. Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ» - info@ecoexpert.kz, +7 (7212) 42-56-17.

Инициатор намечаемой деятельности - ТОО «Акмауа Tungsten», Республика Казахстан, г.Алматы, проспект Достық, д.210, 13-таж, БИН 190640005009 e-mail: t.akhmenov@rcg-ia.com, тел.: +7 727 330 98 74.

Разработчик - ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ», БИН 920540000504. Юридический адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Караганда, район имени Казыбек Би, улица Лободы, строение 40. тел. факс: 8 (7212) 42-56-17.

Еске алу



Үнірек ауылының тумасы, асқар тау әке, ардақты атамсыз **ОРАЛБАЙҰЛЫ Өмірзақтың** өмірден озғанына 1 жыл толады.

Асыл жанды, сағынышпен еске ала отырып, жатқан жерін жайлы, қабіріне Алланың нұры жаусын деп рухына дұға бағыштаймыз.

Жыл болды жүзінді көрмегелі,
Сағынып балаларын іздегелі.
Жайлы жат, топырағын торқа болсын,
Қабыл болсын дұғамыз бағыштаған.

Еске алушылар: жұбайы - Ұрхия, балалары, немерелері, шөберелері.

Марқұмның жылдық асы Үнірек ауылындағы мешітте 18-ші қараша күні сағат 11.00-де ауыл тұрғындарына, сағат 13.00-де сырттан келгендерге беріледі.

Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қоландарды шақырамыз.

Біле жүріңіз!

ИМАНДЫ БОЛУ - ПАРЫЗЫҢ

Кімде-кім жүрегін иман үшін, тілін шындық үшін ұстаса, өзін сапалы тұтса, көп тыңдап, аз сөйлейтін болса, ол иманды адам, бақытты адам.

Біреуге зиян келтірме, біреудің өзіңе залал келтіруіне жол берме. Мұның екеуі де исламда жоқ.

Аш адамға көмек беріңдер. Аурудан хал сұраңдар. Қарызға батқан адамның қарызын өтеуге көмек беріңдер.

Мұсылмандардың өзара алты хұқы бар: сәлем беру мен алу, шақырса бару, ақыл-кеңес сұраса айту, ауырса көңіл сұрау, өлсе жаназасына қатысу.

Апатқа апаратын жеті түрлі күнәдан аулақ болыңдар: Құдайдың құдіретіне шек келтіру, алдап-арбаумен шұғылдану, біреуді нақақ өлтіру, пайдақұнемдік, жетімнің ақысын жеу, күйеуіне адал әйелді сөгу, отан қорғау үшін болған соғыстан қашу.

Үш түрлі нәрсеге иманың кәміл болсын: садақа бергеннен ырысың ортаймайды; ақ, адал малың қолды болса, сабыр сақта; тіленшілікпен мал табуға кіріссең, тәңірдің сыйы бейшаралық болмақ.

Кездескенде кім бірінші болып сәлем берсе, сол адам тәңір алдында да, адам алдында да иманды адам. Иманның жақсысы - сабырлы және кеңпейілді болу.

Тамақ салынған табақтың шетінен ғана алып жеу керек. Ортасына қол жүгіртпе, себебі береке ортада болады.

Еске алу



Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған, асқар тау әке, ардақты ата **ҚАСЫМҰЛЫ Шәкірдің** фәни дүниеден бақиға озғанына 40 күн толмақ.

Ия, «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ» демекші, әкеміздің өмірден өткені жанымызға қаяу салып кетті. Өулеттің арқа сүйер тірегі, туысқа адал, елге сыйлы, ауданымыздың құрметті азаматы болды. Жанұяның алтын діңгегі болған әкеміз тектілігімен еліне адал қызмет етіп, халықтың алғысына бөленіп, небір марапаттарға, лайықты құрметтерге бөленді, алғыстар алды. Әке - біз үшін асқар тауымыз, оның рухы әрқашан бізбен бірге. Жаны жайсаң, қолы жомарт, көкірегі кең, парқы мен пайымы мол Шәкір әкеміздің соңында ұрпақтары мен қатар мәңгілік өлмейтін, өшпес ізі қалды.

Бүкіл санаулы ғұмырын өзі туған еліне арнап, адал қызмет жасаумен өмірін өткізген әкеміздің асыл бейнесін, өнегелі сөздерін, бөрімізге деген әкелік мейірімін, сағынышпен еске аламыз.

Жан әкешім, қызметте бапты ерім,
Елге сыйлы, абыройлы, даңқты едің.
Кеткеніңде келмейтін боп енді еш,
Сені жоқтап, күңіреніп жатты елің.

Сен кеткенде жанарлар да жылап тым,
Жігеріміз кетті сынып, сұлап мың.
Жан әкешім, жаның болғай әрқашан,
Ең ерекше, ақ төрінен жұмақтың.

Ардақты әкемізді сағына еске алушылар, балалары: **Нұрлан-Бақытқұл, Шерхан-Гүлсара, Ұлан-Роза, Нұрсұлтан-Әсел**, немерелері, шөберелері, жиендері, **Қасымовтар** әулеті.

Әкеміздің өмірден өткеніне 40 күн толуына орай 18 қараша күні сағат 13.00-де аудан орталығындағы «Тілек» дәмханасында құран бағышталып, ас беріледі. Асқа ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жарандар, көрші - қолаң және әкеміздің көзін көрген барша жамағатты шақырамыз.

Еске алу



Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті... «Тумақ бар жерде, өлмек те бар» дейді шариғат сөзі. Шіркін, бәрі орнымен, бәрі ретімен келсе - өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді ғой. Біз де аяулы да асқар тау әкеміз, Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған **ШАЙЗАДАҰЛЫ Зейнегәбденнен** көз жазып қалғанымызға 1 жыл толып отыр. Балаларына мейірімді, немерелеріне сүйікті, жарына адал болған аяулы әкеміз қамқорлығымен, адалдығымен, жомарттығымен ерекше жан еді. Аман қанша, бәрі де бір Алланың жазуы. Аяулы жанды сағынышпен еске ала отырып, топырағың торқа, жаның жәннатта, тәнің рахатта болсын, қабірін иман нұрымен, құран нұрымен нұрлансын деп Алладан тілейміз.

Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып,
Ел айтады, жұрт айтады жарысып.
Көпшіліктен алған алғыс, сауабың,
Жатқан шығар, рухыңменен қауышып.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,
Көнеміз ғой тағдырдың салғанына.
Көзімізге ып-ыстық жас келеді,
Әке, өзіңді сағынып, еске алғанда!

Ардақты әкемізді сағына еске алушылар: жұбайы - **Роза**, балалары, **Ахметқожа-Жанар, Бауыржан-Жұмағұл, Ардақ-Шынар, Жүсіпбек-Майра, Азат-Динара** және немерелері, шөберелері.

Сіздерді асқар әкеміздің рухына бағышталатын жылдық асы 17 қараша күні, сағат 13.00-де аудан орталығындағы «Тілек» дәмханасында берілетінін хабарлаймыз. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, балаларының әріптестерін және әкеміздің тірі кезінде сыйлас болған барша жамағатты шақырамыз.

Еске алу



Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған, асқар тау әкеміз **БАЛХАШБАЙҰЛЫ Талғаттың** дүниеден озғанына 1 жыл толып отыр.

Біз үшін аса қымбатты жанды сағына еске ала отырып топырағы торқа, жатқан жері жайлы болсын деп дұға бағыштап, ас береміз.

Жайлы болсын жер бесігің таңылған,
Мамық болсын топырағын жамылған.
Артындағы ұрпағыңның барында,
Отың сөнбес өзін барда жағылған!

Еске алып, ас берушілер: жұбайы, балалары, немерелері және туған туысқандары.

Әкемізге арналған ас 2023 жылдың қазан айының 17-сі күні сағат 13.00-де аудан орталығындағы «Мерей» дәмханасында беріледі.

Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, дос-жаран, барша әкеміздің көзін көрген жамағаттарды шақырамыз

Көңіл айту

«Алматықұрылыс» ҰХК президенті, Қазақстан құрылысшылары Ассоциациясының төрағасы А.Д.Ермегияев Ақжал кентінің ардагерлер кеңесінің төрағасы, кәдірменді ақсақал Серік Қамбарға баласы

ДИАСТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Открыто наследственное дело после смерти Шорина Жаксылыка, умершего 30.05.2023 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Закирбеков Еркебулан Дулатовичу, по адресу: Карагандинская область, Шетский район, с.Аксу-Аюлы, ул.Шортанбая 16а, телефон: 8 778 207 4909.